

БЕКІТЕМІН
ҚР Туризм және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасының орынбасары



Е
Есембаев Н.А.
2026 ж.

КЕЛІСІЛДІ
"Ұлттық баскетбол федерациясы" РҚБ
Президенті



А
Алпамысов А.А.
2026 ж.



**2026 ЖЫЛҒА ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАР КОМАНДАЛАРЫ
АРАСЫНДА 3Х3 БАСКЕТБОЛДАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫН
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

2026 жыл, Астана қ.

А

1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН КҮНІ, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ КҮНІ ЖӘНЕ ҚАЙТУ КҮНДЕРІ

1.1 Ұлдар мен қыздардың ауылдық командалары арасында 3x3 баскетболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты.

1.2. 2026 жылғы маусымдағы ұлдар мен қыздар командалары арасында баскетболдан ҚР Чемпионаттары мен Кубоктарын өткізу орны мен уақыты:

- Ұлдар мен қыздар U11, U13, U15, U17, Қазақстан Республикасының чемпионаты, сәуір айы, өткізу мерзімі мен орны тағайындалуы бойынша;

- Ұлдар мен қыздар U12, U14, U16, U18 Қазақстан Республикасының чемпионаты, тамыз айы, өткізу мерзімі мен орны тағайындалуы бойынша;

1.3. Ойындардың басталуы таңғы 09:00-ден ерте емес.

1.4. Келу және кету күндері қосымша ақпараттық хатпен хабарланады.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. Чемпионатты өткізуге жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті және Қазақстан Республикасы Ұлттық баскетбол федерациясы жүзеге асырады. Чемпионатты тікелей өткізу Қазақстан Республикасының Ұлттық Баскетбол федерациясына жүктеледі. Жарыс «3x3 баскетболдың ресми ережелері» сәйкес өткізіледі.

2.2. Өткізу жүйесі әрбір жас санатында мәлімделген командалар санына байланысты командалар өкілдерінің отырысында бекітіледі. Отырыс келген күні сағат 18:00-ге дейін өткізіледі. Осы Ережеге енгізілуі мүмкін өзгерістер мен толықтырулар маусым бойы қаралады және Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінде бекітіледі.

2.3. Чемпионаттың барлық қатысушылары, сондай-ақ жарыстарды ұйымдастыруға және оларға қызмет көрсетуге тартылған техникалық қызметкерлер «Қазақстан Республикасының спорт әдебін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 ақпандағы № 51 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының спорт әдебінің нормаларын сақтауға міндетті.

Спорттық әдептің сақталуына командалардың жаттықтырушылар жауап береді.

Спорттық әдеп нормалары бұзылған жағдайда, ҰБФ Атқару Комитеті клубқа/командаға және/немесе клубтың/команданың ресми тұлғаларына қатысты тиісті тәртіптік және/немесе айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

ҰБФ Атқару комитетінің шешімдері түпкілікті болып табылады және

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғана шағымдануға болады.

2.4. Ойындарды өткізу барысында осы Ереже, «3×3 баскетболдың ресми ережелері», «2026-2030 жылдарға арналған баскетболдан Қазақстан Республикасы чемпионаттары мен Кубогының регламенті», «2024-2028 жылдарға арналған ҚР ҰБФ-дағы ойыншы мәртебесі», сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық баскетбол федерациясының өзге де регламенттеуші құжаттары басшылыққа алынады.

2.5. Чемпионатқа қатысуға Қазақстанның спорт ұйымдарының тәрбиеленушілері, облыстар мен қалалардың құрама командалары, спорт клубтары, БЖСМ, БК, БЖСМЖМ және басқа да ұйымдардың командалары қатыса алады.

2.6. Ойыншылардың ауысуы «2024–2028 жылдарға арналған ҚР ҰБФ-дағы ойыншы мәртебесіне» (4.31-тармақ) және Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің бір спорт ұйымынан екіншісіне ауысу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2.7. СДБАРМИ бірінші талап бойынша ойыншыларды шақырушы ұйымдардың есебінен өз өңірлері үшін тек өз жас санатына сәйкес ойнауға жіберуге міндетті.

2.8. Команданың сандық құрамы – кемінде 7 адам: 4 ойыншы (бірақ кемінде 3), жаттықтырушы-команда өкілі, 1 еріп жүретін адам және 1 төреші.

2.9. Жарыс ұлдар мен қыздар арасында келесі жас санаттарында өткізіледі:

1. U-18 - 18 жас қоса алғанда және одан кіші;
2. U-17 - 17 жас қоса алғанда және одан кіші;
3. U-16 - 16 жас қоса алғанда және одан кіші;
4. U-15 - 15 жас қоса алғанда және одан кіші;
5. U-14 - 14 жас қоса алғанда және одан кіші;
6. U-13 - 13 жас қоса алғанда және одан кіші;
7. U-12 - 12 жас қоса алғанда және одан кіші;
8. U-11 - 11 жас қоса алғанда және одан кіші.

Әр жас санатында ең көп саны – 32 ұлдар командасы және 32 қыздар командасы.

2.10. Бос орындарды анықтау «3x3 баскетболдың ресми ережелеріне» сәйкес ең көп ұпай саны бойынша жүргізіледі.

2.11. Екі немесе одан да көп команданың ұпайлары тең болған кезде, артықшылық «3x3 баскетболдың ресми ережелеріне» сәйкес анықталады.

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Қабылдаушы ұйым әрбір спорт залында жарысқа қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

3.2. Қазақстан Республикасының барлық Чемпионаттарында, Біріншіліктерінде, Кубоктарында, сондай-ақ барлық жас топтарындағы басқа да Республикалық

жарыстарда барлық спортшылар дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (бұдан әрі-ДДҚА) нормаларына сәйкес допинг-бақылауға алынуы мүмкін.

3.3. Барлық спортшылар допингке қарсы ДДҚА кодексінің ережелерін сақтауы керек. Спортшылар допингке қарсы ДДҚА кодексті бұзған, допинг тест тапсыру үшін спортшылар бас тартқан немесе келмеген жағдайда, оларға допингке қарсы ДДҚА кодекстің нормаларына сәйкес (спортшы толық шеттетілгенге дейін) санкциялар қолданылады.

3.4. Чемпионатқа қатысатын командалардың барлық ойыншылары міндетті түрде облыстық спорт диспансерінде медициналық тексеруден өтуі тиіс. Атаулы өтінім дәрігердің мөрімен куәландырылған түпнұсқада ұсынылады, болмаған жағдайда команда жарысқа жіберілмейді.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

4.1. Жарыстағы әрбір команда «ҚР ҰБФ-дағы ойыншы мәртебесі» ережелеріне сәйкес міндетті түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

- жолдаушы ұйым мен дәрігердің мөрі басылған, белгіленген нысандағы команданың ресми өтінімі;
- техникалық өтінім;
- әр ойыншыға баскетболшының паспорты;
- тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы куәлік (жарыс кезінде кемінде 1 жыл);
- Қазақстан Республикасының азаматының жеке куәлігі немесе паспорты (жарысқа қатысу кезінде 16 жасқа толған ойыншылар үшін жеке куәлік міндетті).

Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда команда жарысқа қатысуға жіберілмейді.

Команданың жарысқа қатысуы үшін өтінім Қазақстан Республикасының Ұлттық баскетбол федерациясына жарыс басталғанға дейін кемінде 3 (үш) күн бұрын, FIBA3x3 сайтында тіркеуден өткеннен кейін ұсынылуы тиіс. Аталған талап сақталмаған жағдайда команда жарысқа жіберілмейді.

4.2. Спорттық ұйымда куәландырылған белгіленген нысандағы өтінім әрбір жеке алынған чемпионатқа беріледі.

4.3. Қосымша өтінімдер чемпионат басталғанға дейін 2 (екі) күннен кешіктірілмей, FIBA3x3 сайтында тіркеуден өткеннен кейін ғана қабылданады.

4.4. Қабылдаушы ұйым өзіне мынадай шығындарды жүктейді:

- спорт ғимараттарын (құрылымдарын) жалға алу;
- осы мекеме үшін қолданыстағы нормаларға сәйкес хатшылық және көмекші аппараттың жұмысына ақы төлеу;
- кеңсе және қажетті шаруашылық тауарларын сатып алу;
- ойындар барысында дәрігердің міндетті түрде болуын қамтамасыз ету;

- келуші командалар үшін орналастыру орындарын (қонақ үйлерді немесе пәтерлерді) және тамақтануды нормаға сәйкес ұсыну;

- желдету жүйесімен жабдықталған төрешілер бөлмесін, ыңғайлы жиһаздың жеткілікті мөлшерін (орындықтар, үстелдер, ілгіштер, айналар және т. б.), дәретхана бөлмесін және суық және ыстық суы бар душты, ауыз су мен шай жиынтығын (шай, кофе, қант, тағамдар) қамтамасыз ету;

- жарыстың қорытындысы бойынша командаларды міндетті түрде сапқа тұрғыза отырып, мемлекеттік әнұранның орындалуымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес спорт ғимаратында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының болуын қамтамасыз ете отырып, салтанатты жабылу және марапаттау рәсімін өткізу;

- матчтың барлық уақытында ата-аналардың ойыншылармен, төрешілермен, матчтың ресми тұлғаларымен байланысын болдырмайтын шаралар қабылдау;

- матч аяқталғанға дейін, оның барысында және одан кейін ата-аналардың, спорт/баскетбол мектебінің/клубтың/бөлімшелердің (басшылардың, ойыншылардың, жаттықтырушылардың, қызмет көрсетуші жұмысшылардың) лауазымды адамдары мен мамандарының матчты өткізетін төрешілер бригадасының әрекеттеріне араласуына жол бермеу;

- төрешілерге қатысты құқық бұзушылықтарға, дене зақымдауына және өзге де құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу;

- бас төрешінің рұқсатынсыз бөгде адамдардың төрешілер бөлмесіне кіруіне жол бермеу;

- ата-аналар, жалпы білім беретін мектептердің лауазымды тұлғалары мен мамандары (басшылар, ойыншылар, жаттықтырушылар, қызмет көрсетуші жұмысшылар) тарапынан алаңдағы жанжалды жағдайларды, жанкүйерлердің агрессивті мінез-құлқын, спорт ғимаратындағы тәртіпсіздіктерді тудыратын әрекеттерге жол бермеу.

- жаттықтырушыларға көмек көрсету мақсатында ойындарға баратын ойыншылардың ата-аналары мен ата-аналар комитеттерінің өкілдерінің ойын барысында алаңда және орындықтарда болуына жол бермеу;

- жоғарыда көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда командаға чемпионаттан шығаруға дейін тәртіптік және/немесе айыппұл санкциялары қолданылуы мүмкін.

4.5. Жолдаушы ұйымдар мен қатысушы командалар командаларды іссапарға жіберуге байланысты барлық шығындарды (бару және қайту жол шығындары, тәуліктік шығындар, тамақтану және тұру) өз қаражаты есебінен көтереді.

4.6. Жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 100 «Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын спорттық іс-шараларға, оның ішінде дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін оқу-жаттығу жиындарына бөлінетін ақша жұмсау қағидалары» бұйрығына сәйкес.

4.7. Осы Ереженің 4.6-тармағында көзделген талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық баскетбол федерациясы команданың жарыстарға қатысуына жол бермеу құқығын өзіне қалдырады.

4.8. Чемпионатты өткізгісі келетін ұйымдар мен командалар Ұлттық баскетбол федерациясына өтінім жолдайды. Міндетті түрде келесі ақпаратты ұсыну қажет:

- өткізу қаласы;
- өткізуші ұйымның атауы;
- турды ұйымдастыруға тікелей жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты, оның телефоны және электрондық поштасы;
- Басқа қаладағы командаларды орналастыру мен тамақтандырудың қаржылық шарттары;
- төрешілер корпусын орналастыру мен тамақтандырудың қаржылық шарттары;
- Жазбаша кепілдік беру: қажет болған жағдайда "3x3 баскетболдың ресми ережелеріне" сәйкес белгіленуі бар 2 (екі) ойын залдарын тиісті жабдықтармен қамтамасыз ету, хатшылық үстелдің техникалық жарақтары, 3x3 баскетболдан жарыстар өткізуге арналған дыбыстық және музыкалық жабдықтар;
- Қабылдаушы ұйым чемпионаттардың жабылуын өткізуге міндетті;

4.9. Қабылдаушы ұйым келген күні, жарыс қарсаңында командаларға кемінде 20 (жиырма) минут жаттығу алаңын ұсынуға міндетті.

4.10. ҰБФ логотипі ойыншының жейдесінің алдыңғы жағында, нөмірінің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасуы және айқын көрінуі тиіс.

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

5.1. 1-орын алған команданың ойыншылары мен жаттықтырушыларына «Қазақстан Республикасының чемпионы» атағы беріледі және олар кубокпен, дипломдармен және медальдармен (4 адамнан аспайтын құрамда) марапатталады.

5.2. 2-3-орын алған командалардың ойыншылары мен жаттықтырушылары тиісті дәрежедегі кубоктармен, дипломдармен және медальдармен (4 адамнан аспайтын құрамда) марапатталады.

5.3. Әр жас санатында үздік ойыншылар (4 ұл және 4 қыз) жеке сыйлықтармен марапатталады.

6. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ

6.1 Ойындарды өткізу кезінде «2026-2030 жылдарға арналған 3×3 баскетболдан Қазақстан чемпионаттары мен Кубогының регламентінің», «2024-2028 жылдарға арналған ҚР ҰБФ-дағы ойыншы мәртебесінің», «3×3 баскетболдың ресми

ережелерінің», осы Ереженің, сондай-ақ ҰБФ-ның өзге де регламенттеуші құжаттарының тиісті талаптары басшылыққа алынуы тиіс.

6.2. Турды өткізу барысында басқа команданың жаттықтырушысы тарапынан команда ойыншыларына қатысты сұрау салынған жағдайда, төрешілер алқасы қажетті құжаттарды алуға жәрдемдесуге міндетті.

Жаттықтырушылар немесе мектеп/клуб басшылары Ұлттық баскетбол федерациясына баскетболшының паспортында көрсетілген деректердің белгілі бір ойыншының жасына сәйкес келмеуі туралы өтініш білдірген жағдайда, осы ақпаратты растайтын құжаттарды Ұлттық баскетбол федерациясында одан әрі қарау үшін ұсынуға міндетті.

6.3. Әдепсіз әрекеттерге төрешінің шешіміне дау айту, төрешілерге, қарсыластарға және көрермендерге қатысты қорлайтын қимылдар көрсету, балағат сөздер айту, жейдесіз ойнау, допты демонстрациялық түрде лақтыру, төрешіге физикалық әсер ету және өзге де осыған ұқсас әрекеттер жатады. Аталған жағдайларда ойыншы «3×3 баскетболдың ресми ережелеріне» және «2026-2030 жылдарға арналған 3×3 баскетболдан Қазақстан чемпионаттары мен Кубогының регламентіне» сәйкес техникалық бұзушылықпен жазаланады.

6.4. Команда мен ойыншылар спорттық ғимараттың ішінде де, одан тыс жерлерде де агрессивті әрекеттер (төбелес, спорттық режимнің бұзылуы, мүліктің бүлінуі, балағат сөздер және т.б.) жасаған жағдайда жарыстан шығарылуы мүмкін. Команда өкілдерінің төрешілерге немесе ұйымдастырушыларға қатысты агрессивті әрекеттері (төбелес, спорттық режимді бұзу, мүлікті бүлдіру, балағат сөздер және т.б.) болған жағдайда, «Баскетболдың ресми ережелеріне» және «2026-2030 жылдарға арналған баскетболдан Қазақстан чемпионаттары мен Кубогының регламентіне» сәйкес техникалық бұзушылықтар қолданылады.

6.5. Ойыншы дисквалификациялаушы фол алған жағдайда, СТК «3×3 баскетболдың ресми ережелерін» және «2026-2030 жылдарға арналған баскетболдан Қазақстан чемпионаттары мен Кубогының регламентін» басшылыққа алады.

6.6. Теріс қылықтың ауырлығына, команда өкілінің немесе ойыншының мәртебесіне байланысты, ойын басталғанға дейін, ойын барысында немесе ойын аяқталғаннан кейін, турдың бас төрешісінің баянаты негізінде ҰБФ МТК осы мәселе бойынша жеке шешім қабылдауға құқылы.

6.7. Командалардан наразылық түскен жағдайда, наразылық «3×3 баскетболдың ресми ережелеріне» және «2026-2030 жылдарға арналған 3×3 баскетболдан Қазақстан чемпионаттары мен Кубогының регламентіне» сәйкес қаралады.